

Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университеті

## Эссе

«Менің арманымдағы Қазақстан»

**Орындаған: ҚТӘ 21-2 топ студенті Бекмуратова Алина Муразбековна**

## *Менің арманымдағы Қазақстан*

Армандау әр адамға тансық дүние. Менің де арманым шексіз. Болашақта кім боламын? Қандай қызмет атқарамын, еліне еңбегі сіңген адам боламын ба? Бұл сұрақтардың жауабын табу үшін әрқашанда армандаумен боламын және сол армандау арқылы өзімді қуанышқа бөлеп, жүзіме шаттық әкеле алады екенбіз. Сол армандарымды туған жерім Қазақстанның келешегімен байланыстырып, өз арманымдағы Қазақстан келбетін жасауға тырысамын. Ендеше, бүгінгі менің тоқталатын тақырыбым: менің арманымдағы Қазақстан болмақ.

Қазақстан менің атамекенім, туған өлкем. Арманымның бір бөлігі әрқашанда осы туған өлкемі арналды. Көп созбай, сол арманымда сіздерге баяндайын. Мен теледидардан жаңалықтар көргенде өзен көлдерде қоқыс толып, судағы тіршілік ластанып, ауадағы химиялық заттар көбеюде екенін жиі естимін. Сол себептен де арманымдағы Қазақстанға нандай қағидалар енгіздім. Су немесе жерге қоқыс лақтырмай, оның орнына қоқыс жәшігіне тастау.

Егер оны орындамаса қоқыс лақтырған адамды, бір ай бойы өзен көлдерге, үймелеген қоқыс тазалауға жіберемін. Сол арқылы ол өзен көлдердің қадірін түсінеді. Сөйтіп өзен көлдер тазарып, баяғы мөлдір шағына оралады.

Мен армандаған Қазақстанда зәулім ғимараттар өте көп болады. Сонымен қатар, тек жүретін емес, әуе көліктерінде адам үшін қызмет атқарады. Елімнің суы мөлдір, қаласы таза, жасыл желекке боялған әрі зәулім ғимаратқа толы болады. Арманымдағы Қазақстан барлық елдерден ерекше. Олардан сұлулығы бойынша, халқы мен мәдениеті бойынша үш, төрт қадам алда жүреді. Елімнің астанасы «Дінмұхаммед Қонаев» атамның құрметіне Дінмұхаммед болып қойылады.

Мен армандаған елім ешкімге соғыс ашпайтын, мылтық дауысын естітпейтін бейбіт әрі егемен ел. Себебі мен балалардың жетім қалуын, олардың жылағанын көргім келмейді. Балалар мен барша қазақ халқы үшін арманымдағы Қазақстанды жанға жайлы, өмірге қолайлы қыламын.

Қорытындылай келе, Мен армандаған Қазақстан тек менің ғана емес барша қазақ халқының арманы. Оны жүзеге асыру үшін құр қиял мен арманға бас ұиып өмір сүрудің қажеті жоқ. Тек елі үшін жаны ашитын, ел тағдырына өз тағдырына қарайтындай көмекшілермен, қайтпас, қайсар көсбасшы керек.